

Мүлікті бағалау қызметі саласындағы тексеру бойынша тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 139 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 18 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 2 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6272 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 354 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 21 қазандағы N 339 Бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2011.10.31 № 354 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011.10.21 N 339 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Кешенді және тақырыптық тексерулер бойынша тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (Ә.Т. Аманбаев):

- 1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуінен кейін оның ресми жариялауын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурстарында жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің м.а.
Д. Құсдәулетов

Ж. Айтжанова

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және
Сауда министрі

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 139
 және Қазақстан Республикасы
 Экономикалық даму және сауда
 министрінің 2010 жылғы
 29 сәуірдегі № 18
 Бірлескен бұйрығымен
 бекітілген
 нысан

ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Тексеруі тағайындаған орган _____

Тексеруді тағайындау туралы _____
 (№ , күні)

Лицензиаттың аталуы немесе А.Ж.Т. _____

СТН _____

ЖСН/БСН (болған жағдайда) _____

Орналасқан жерінің адресі _____

№	Талаптардың тізбесі	Иә	Жоқ
1	Мүлікті бағалау және зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясының болуы		
2	Бағалау қызметін жүргізу шартында мына тармақтардың болуы: тапсырыс беруші мен бағалаушының деректемелері: жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), мекенжайы; заңды тұлға үшін - атауы, орналасқан жері (пошталық мекен-жайы), банктік деректемелері; бағалау объектісінің (объектілерінің) атауы және (немесе) орналасқан жері, айқындалатын құнның түрі; бағалау түрі; бағалау объектісінің түрі; бағалау жүргізудің мерзімдері; бағалау жүргізу кезінде қолданылатын бағалау стандарттарына нұсқау; көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеудің шарттары, тәртібі және мөлшері; тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі; тапсырыс берушінің бағалау объектісіне меншік құқығын растайтын құжаттың деректемелері немесе тапсырыс берушіге бағалау туралы шарт жасау құқығын беретін өзге де негіздемелер; мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның деректемелері (лицензия берген орган көрсетілген оның нөмірі мен берілген күні).		

3	<p>Бағалау туралы есепте келесі мәліметтердің болуы: объектінің атауы мен орналасқан жері, бағалау жүргізілген күні; бағалау жүргізу үшін негіздеме: жасалған шарттың нөмірі мен күні; бағалаушы мен тапсырушы туралы негізгі мәліметтер: толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты, орналасқан жері, банк деректемелері; е с е п ж а с а у к ү н і .</p> <p>Беттерінің көрсетілуімен, оның құрамына енгізілген бөлімдерді (бөлімшелерді) қамтыған бағалау туралы есептің мазмұны. Бағалаушылар мен орындаушылардың кәсіби құзыретін растайтын біліктілік сипаттамасы көрсетілген тізімі. Есептің сипаттама бөлімі: бағалау объектісінің сипаттамасын, тексеру жүргізілген күнін көрсетіп, оның күй-жайын, заттай кем өлшеуді көзбен бақылаудың орындалуын немесе басқа да ресімдер жүргізу; объектінің бағалау мақсаты, мүліктік құқықтар мен шектеулердің сипаттамасы, айқындалатын құнның түрлері; бағалау әдістерін таңдаудың негіздемесі және бағаланатын объектінің нарықтық немесе өзге құнын белгілеу үшін қолданылатын әрбір әдістің мәнінің қысқаша сипаттамасы; бағалау кезінде пайдаланылатын бағалау стандарттары және басқа нормативтік құқықтық актілер. Есептің есеп айырысу бөлімі: объектінің нарықтық немесе өзге құнын айқындау әдістемесінің сипаттамасы және бағалаудың таңдап алынған әдістерін қолдана отырып орындалған есеп айырысуларды; бағалау нәтижелерінің келісуілуін және бағаланатын объектінің қорытынды құнын айқындауды қамтуы тиіс; Есептің қорытынды бөлімі бағалау күніне объектінің күй-жайы жөніндегі құнының мөлшері туралы түбегейлі қорытындыны мазмұндау қажет.</p>		
4	Бағалаушының тәуелсіздікті сақтауы.		
5	Объектілерге тікелей зерттеуді жүзеге асыруға және тапсырыс берушіге бағалау туралы есепті беру талабын орындау.		
6	Бағалау қызметін жүргізу шарттарының нөмірлерін көрсете отырып, хронологиялық тәртіппен бағалау қызметін жүргізу есеп кітабының болуы.		
7	Бағалау туралы жасалған есептерді 5 жыл бойы сақтау талабын орындау.		
8	Бағалау стандарттарының талаптарын орындау.		
9	Бағалаушылар палаталарының біреуінде мүше болу		

Ла у а з ы м д ы

т ұ л ғ а л а р :

_____ (

Қызметі, А.Ж.Т.) (қолы) (А.Ж.Т.) _____

_____ (Қызметі, А.Ж.Т.) (

қолы) (А.Ж.Т.) Лицензиат: _____

(Қызметі, А.Ж.Т.) (қолы) _____